

АЙҚЫН

АЗАМАТ АРНАЛАРЫ



Бытыр ел болып атап өткен Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық белесінде көп нәрсе айтылды, жазылды. Естеліктер мен есті сөздердің де жариялануы кемшін болмады. Дей тұрғанмен, бір құбылыстың негізі мен үрдісі жете байыпталмағандай көрінді. Ол – ескінің соңы, жаңаның басы болған тұлғалардың маңдай тері немесе екі қоғамдық жүйе өткеліндегі ұлт

және ел идеясының алтын арқауы. Естеріңізге түсіріңіздерші, XX ғасырдың 80 жылдары кеңестік Қазақстан мен үлкен Одақтың басынан не өтпеді? Асыра сілтеңкіреп, осы шамада «коммунизм» орнататын да болғанбыз. Түрлі жағдайда бірінен кейін бірі ауысқан СОКП бас хатшылары, Кремль төріне М.Горбачевтің шығуы, «қайта құру», «жариялылық» ұрандары мен іс-қимылдары, Қазақстандағы Желтоқсан көтерілісі, Балтық бойы мен Кавказ Республикаларының серпілісі, Одақ пен өңірлер арасындағы текетірестер, біртұтас әлемде екіге жарылған Германияның қосылуы, коммунистік Қытай экономикасының нарықтық келбеті, Варшава шартына енген елдердің КСРО-дан ат құйрығын кесісуі т.б. – бәрі-бәрі бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, адамдардың миында, жүрегінде қайнап жатты.

Әлемді дүр сілкіндірген он күн» (Джон Сайлас Рид) дегендей, осынау аумалы-төкпелі 10 жыл, ойлана қарасак, біздің Тәуелсіздігіміздің баспалдағы болыпты.

Кеңестік кезеңнің қызығын да, шыжығын да көргендер дәл сол жылдары дүниенің дөңгеленуімен талайлардың тағдырына тікелей әсер ететін толғамалы тарихтың дөңгеленіп жатқанын аңғармады. Солай болған күннің өзінде елге, ұлтқа, ортаға, кәсіпке адалдық деген бағдаршам, бүгінгі тілмен айтсақ, адамдық пен имандылық, бізді толқынға жұтылып кетуден сақтады. Абай аманаттаған ақыл мен қайрат жолдан адастырмады.

Сол жауапты жылдары талай қайраткер ағаларымыз бен замандастарымыз елдің сенім үдесінен шыға білді. Атқарушы билікте, өндіріс пен ауыл шаруашылығында, білім-ғылым мен мәдениетте Қазақстанның ұпайын ешкімге жібермеді. Одақ бәсекесінде де, өз ішімізде де қазақ атына кір келтірмеді. Барды молайтты, жоқты болғызды.

Қазір кеңес заманына, дәстүріне кесек атушылар аз емес. Бірақ барды – бар, жоқты – жоқ деу лазым. Бұл жүйеде еңбекпен жетілдіру, өнегемен баулу, бір сөзбен айтқанда, «еңбегіне қарай – өнбегі» болғанын ұмыту қиянат.

Басқа-басқа, дәл мәдениет пен әдебиет саласында өзіндік өрлеу болғанын, сапа мен сындарлылық артқанын айрықша айтамыз. Мұның арғы жағында сала басындағы тұлғалар мен қайраткерлердің еңбегі, азаматтығы, ұлт пен ел мүддесіне деген адалдығы тұр.

Бұл ретте 80 жылдардың соңы мен 90 жылдардың басындағы Қазақстан идеологиясында мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің еңбегі елеулі.

Өзбекәлі Жәнібековтей білікті қайраткердің жанынан табылып, білімділігімен, іскерлігімен, тиянақтылығымен көрінген Мырзекең Тәуелсіздіктің елең-алаңында саяси салмағын да, ұйымдастырушылық тегеурінін де арттырды, жетілдірді. Мұны заңғар жазушымыз, марқұм Әбіш Кекілбайұлы әдемі жеткізіпті: «Мырзекеңнің қаламгерлік дарынымен қоса қайраткерлік тұлғасы да еліміздің тәуелсіздігімен бірге тұлғалана түсті. Н.Назарбаевпен бірге тәуелсіздіктің таңсәрі жылдарында отқа да, суға да бірге түсіп жүрді. Ғасырлар бойы армандаған азаттықты баянды етуге жан аямай қайратын жұмсады».

Тоқсаныншы жылдардың әр жылы бірнеше жылға татығанын, ел басшылығын сын мен жауапкершіліктің тезінен өткізгенін жақсы білеміз. Халықтың бір бөлігі демократияның өзін теріс түсініп, объективті жағдайды қабылдамай жатты. Өндіріс тоқтады, ішім-жем азайды. Тіпті жер жыртылмай, егіс егілмей қалған кез де болды. Бұрын «екі қолға – бір күрек» табылып, жұрт

жұмыспен қамтылған заманда аш қалса, ел өзіне ренжитін. Енді көп нәрсенің қиюы қашып, экономикасы тұралап жатты. Мәскеу бізді «рубль айдынынан» шығарды. Жұрттың көбі базар жағалап кетті. Үй қараусыз, бала мен түлік бағусыз қалды. Біз сол жылдардағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жігер берген көшбасшылық рөлін ұмытпағанымыз жөн. Мысалы, осы уақытта айтқан екі тезисін ғана еске түсірейікші. Біріншісі: «Қазақ ұлты басқа қай ұлтпен салыстырғанда да мемлекеттілікке лайық екеніне сенімдімін. Мұны ол бүкіл тарихымен дәлелдеп отыр». Екіншісі: «Тарихты елдің азаматтары жасайды».

Бағзыдан жеткен «Хан – шаңырақ, халық – уық» деген аталы сөз бар. Ел тағдырын сынаған 90-жылдары елдің басшылары да, қосшылары да осы даналықтың қадірін жете түсінді. Жаңа Қазақстандағы Президенттік билік, парламент парасаты, демократия қағидаттары – әрі әліппе, әрі өсу мен өріс жолы болып жатты.

Дәл осы саясат пен жаңару қайнауында қайраткер, ғылым, мәдениет тұлғасы Мырзатай Жолдасбеков жүрді.

Біз Мырзекенді сырттай да, тікелей де біраздан бері білетінбіз. Өйткені ол – жоғары мектептің және әдебиеттану ғылымының өкілі еді. Оның үстіне ғалымның көне түркі әдебиеті (кандидаттық зерттеуі) мәселесінен кейін халық шығармашылығына, әсіресе, Жамбыл мен Кенен мұрасына ден қоюы оны әдеби-мәдени ортаға, өнердің өзегінен нәр алған қарапайым жұртқа жақын ете түсті.

М.Жолдасбековтің өмір мектебін білгісі келген жан «Асылдарым» атты кітабы мен «Күндерімнің куәсі» естелігінен көп дүние табады деп ойлаймыз. Кенен Әзірбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Бейсембай Кенжебаев, Есмағамбет Ысмайылов, Бауыржан Момышұлы, Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Шахмет Құсайынов, Зейін Шашкин, Өзбекәлі Жәнібеков, Өмірбек Жолдасбеков, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Қалтай Мұхамеджанов, Зейнолла Қабдолов, Нұрғиса Тілендиев т.б. бірі рухани жетекші, екіншісі тікелей тәлімгері, үшіншісі ақылшы аға, төртіншісі замандас тілеулестер мен тілектестер Мырзекенге үлгі-өнеге айнасы бола алды. Бұл азаматтар айналасы мен шәкірттерін асқақтату арқылы ұлтты асқақтатты. Шығармашылықтағы, ғылымдағы бәсеке мен жарыста елге олжа салды.

Ардақты ағаларға және айдыны асқар толқынға ризашылығын жеткізе отырып, Мырзекен: «Өмір – көшкен керуен, аққан дария секілді, бір көш кетіп, бір көш келіп, ұрпақ алмасып жатады... Асыл тұлғалар дүниеден өткенде, жау шапқандай, ел көшкендей, құлазып жұртта қалғандай болдық. Айлар, жылдар өтіп, жан жарасы да жазылады. Сонда да сағынасың, аңсайсың, еске аласың» деп толғанады. Осы ойлардың астарында зор жауапкершілік пен парызды пайымдау жатыр.

Мырзатай Жолдасбековтің өскен-өнген ортасы – Қазақ ұлттық университеті. Біз А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин қызмет еткен жоғары білім қара шаңырағы Абай атындағы ҚазПИ өкілдері ретінде ҚазМУ-дың өркендеуіне әрқашан тілеулес едік. Мырзекеннің 1974 жылы университеттің филология факультетіне декан, 1977 жылы Талдықорған педагогика институтына ректор болып тағайындалуы – бір өзінің ғана емес, жалпы әдебиетшілердің қуанышы-тын. Ол кісі аталған қызметтерінде қай жағынан да өсті, соңында Алматыға қайраткер болып оралды.

Ол шақта университеттер бір министрлікке, педагогика институттары екінші министрлікке бағынады. Талай жиындарда, басқосуларда пікірлескен, ақылдасқан шақтарымыз болды. Сонда Мырзекеңнің дәстүрге жүйріктігін, аға сыйлауда алдына жан салмайтынын, сөзі де, ісі де парасат биігінен көрінетінін байқайтынбыз.

Сөз дегеннен шығады, Мырзекеңде көп адамда, әсіресе, қызметтегі кісілерде жоқ айрықша шешендік бар, тапқырлық қасиет бар. Бұл тек біліммен, оқумен ғана табылады деу қисынға келмес. Сірә, оның тек-тамыры, жан қалауы, арман-аңсары халық өнерінің қайнарымен астасып жатса керек.

Бар әдебиетші өнерге, соның ішінде ұлт музыкасына жақын. Дегенмен Мырзекеңнің осы салаға деген ықылас-ынтасы қайран қалдырады. Осы күнге дейін жанына әнші-күйшілерді ертіп жүруі, тіпті білегін сыбана кетіп, өзі де композиторлармен бәсекеге түсуі, жоғалған-жойылған ескі ән сазын, әуенін қайта қалпына келтіруі – «жігіттің бір басына жеті өнер де аз» дегеннің кері болып шығады.

М.Жолдасбеков 1987 жылы Оқу министрі болып тағайындалды. Желтоқсаннан кейінгі жылдың ызғары да, кепіеті де баршаңызға белгілі. Қайраткер осы қызметінде де беделін түсірмеді. Білім министрлігі – Мырзекеңнің үлкен саяси карьерасының баспалдағы болып шықты. Бұдан кейінгі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде жауапты қызметтері, Қазақстанның Мемлекет кеңесшісі лауазымы оны биік қызмет сатысы – Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасарына көтерді. Былайша айтқанда, Елбасы бүкіл идеология саласын ел руханиятын жақсы білетін, үлкеннің де, кішінің де, қандастың да, тамырдың да тілін табатын, ең бастысы халық дәстүрін тереңнен меңгерген Мырзатай Жолдасбековке сеніп тапсырды.

Бұл шақта Мырзекең, өзі жиі айтатындай, әл-ауқат жағынан аш жұртты рухани жағынан тоқ етуге жұмылды. Билер мен батырлардың мерейтойлары, қаһармандық жеңістер мен тарихи оқиғалардың даталары елдік деңгейде аталып өтті. Берекелі халық бұдан ештеңесін аямады. «Әр ауылдан шыққан бұл не деген көп батыр?» деп кері кетіп сөйлегендер де кездесті. Тіпті скептикалық пікірлер іштен де, тыстан да айтылған шағы болды. Енді арада ширек ғасырдай уақыт өткен соң байыптасақ, бұл – халықты жамыратпай елдік туы астына жинаудың жолы, ата дәстүрдің жаңғырығы екен. Біз сол кезден рухани жаңғырдық. Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді. Бүгін «ол уақытта құр шашылдық» деп ешкім де айтпайды. Халық есінде той да, ой да қалды. Елдіктің тойы елді біріктірді, елдіктің ойы еңсемізді көтерді.

Сол жылдары мен Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры едім. Үкіметтің бастамасымен, қолдауымен батырлар мен билер тойына мақала жазып, баяндама жасап атсалысқанмызды мақтан етемін.

Мұның сыртында «тарих ақтаңдақтарын қалпына келтіру» деген айрықша әділетті мәдени-рухани үдеріс жүрді. Ол 1988 жылы басталғанымен, 90 жылдардың басында өз жемісін берді. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы кітаптары арқылы халықпен шын қауышты. Әлихан Бөкейхан, Ғұмар Қараш, Смағұл Сәдуақасұлы, Қошқе Кемеңгерұлы мұрасы жиналып, жүйеленіп басылды. Алаш арыстары туралы жер-жерде конференциялар, түрлі жиындар өтті. Осы бұрын-соңды болмаған тарихи шаралардың бір шетінде ел үкіметі, оның идеологиясына жауапты М.Жолдасбеков басқарған азаматтар жүрсе, бір шетінде М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ғалымдары жүрді. Міне, ғылым мен биліктің бір мүддеге топтасуы!

Әлі есімізде, билік төріне шығып, одан әрі елші мәртебесінің де дәмін татқан, тану мен табу мүмкіндігі артқан Мырзекең Парижде Мұстафа Шоқай шығарған түркі дүниесіне ортақ «Жас Түркістан» журналының 119 санының көшірмесін елге жеткізді. Бұл – сол кезде бағы ашылмай тұрған мұстафатануға қосылған елеулі үлес еді.

Жалпы, М.Жолдасбеков – әдебиеттану мен мұратану ғылымында өз орны бар азамат. 1969 жылы қорғаған көне түркі әдебиетіне қатысты диссертациясы кезінде одақ көлемінде өте жақсы бағаланды. Ғалым «Күлтегін» және т.б. Орхон-Енисей ескерткіштері мәтінін іргелі әдебиеттану ғылымы талабымен зерттеп шықты. Сонымен бірге, кейінгі оқырманға түсінікті балама аудармасын жасап, «Ежелгі әдебиет нұсқалары» жинағын құрастыруға атсалысқан мамандардың бірі болды.

Ғалымның 1993 жылы қорғаған докторлық диссертациясы «Жамбыл және оның ақындық айналасы» тақырыбында өрбіді. Ұзақ жылғы ізденісінің нәтижесінде ол жыр алыбының ұстаздары, тұтастары, өкшелестері туралы тың деректерді жүйелеп, жамбылтануға тұжырымдамалы үлес қосты. Осында Жамбыл дәстүрі, Жамбыл шеберлігі, Жамбыл шешендігі мен тапқырлығы, Жамбыл және замана шындығы тақырыптары байыпталды. Бұрын ғылыми айналымда болмаған халық ақындар өмірінің деректерін ғылыми қауым ерекше ықыласпен қабыл алды. Мырзекең зерттеулерінде даланың ауызша тарихы (ДАТ) руханият үлгісімен қабысып, айрықша талданады.

Адам ғұмыры, соның ішінде белсенді қызмет жылдары өлшеулі де өлшемді. Мұны қайырлы іске арнаған адам әрқашан ұтады. Осы тұрғыдан келгенде, Мырзатай Жолдасбековтің 1993-1997 жылдары Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі болуы нәтиже берді деп есептейміз. Мұны «Күндерімнің куәсі» естелігіндегі мына жолдар дәлелдей түседі: «Иран – ислам, оның аржағы фундаментализм, экстремизм» делінетін жалпы ұғымның жетегінде күмәнді болып отырған премьер-министр С.Терещенко бірте-бірте ол ойдан арылып, екі елдің алғашқы кезеңде атқаратын нақты шараларына көшті: темір жол, әуе, автомобиль жол қатынасы; Қазақстан үшін Парсы шығанағының маңызы; Иранға жылда 5 млн тонна бидай, 30 мың тонна ет, жүн сату; Ақтауда машина майын шығаратын зауыт, астық сақтайтын қойма салу; Каспий теңізінің статусы; он мемлекетті қамтитын экономикалық ынтымақтастық мәселері кең сөз болды».

Бұл тезистерді тарқатсақ, саяси-экономикалық тақырыпқа ауып кетерміз. Бір анығы: Мырзекең Иранда Қазақстанның достық, мәдениет, өнер, рухани тамырластық келбетін көрсете алды. Бұл – елші жеңісінің оннан тоғызы дер едік.

Қазақта «Ат айналып қазығын табады» деген сөз бар. Түсінгенге мұның мағынасы өте терең. М.Жолдасбеков күнделігін оқып отырсаңыз, сыртта жүріп, елін әбден сағынғанына көз жеткізесіз. Бұл – оның көпшілдігімен, туған жермен кіндіктес екенімен байланысты құбылыс. Ол – бір. Екінші, Мырзекең қай қызметте жүрсе де, білімнен, мәдени ортадан қол үзбеді. Иран елшілігінен кейін алғаш ҚР Сыртқы істер министрі жанындағы Дипломатиялық академияның, содан кейін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры болуын осымен түсіндіре аламыз. Айтқандайын, Дипломатия академиясы Астанаға М.Жолдасбековпен бірге көшіп, бірсыпыра уақыт ЕҰУ құрамында жұмыс істеді.

Мырзекең басқарған Академияның түлектері қазір дүниенің төрт бұрышында. Бұлар түркітанушы, әдебиеттанушы, идеолог басқарған Дипломатия мектебінен ұлт мәдениетін, ел дәстүрін үйренді. Мемлекеттің үлкен олжасы – осы.

М.Жолдасбеков – Еуразия ұлттық университетінің екінші ректоры. Сондықтан жас елордада ескі мен жаңа дәстүрді ұштастыру осы кісіге жүктелді. Ол қол астына талай ғалымдарды, мәдениет тұлғаларын шақырды. Айтыс ақындарын жинады. «Қоңыр қаз» оркестрін құрды. Ең басты ұмытылмас еңбегі – «Күлтегін» ескерткішінің көшірмесін әкеліп, «Жазу тарихы» музейін қалыптастырды. Оң жағында – Ақселеу Сейдімбек бастаған рухани тұлғалар, сол жағында – Мұхтарбай Өтелбай бастаған іргелі ғылым ғұламалары Мырзекеңнің сән-салтанатын асырып жүрді.

Университеттен соң қайраткердің Президенттік мәдениет орталығындағы белесі басталды. Тапқыр ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Отырмын көңілім жайланып, Бекіндім осы ойға анық: Бірте-бірте Астана, Барады мырзатайланып» дейтіні – осы шақ. Музей-кітапхана-концерт залы сынды үш құрылымнан тұратын мекеме, шынында, зиялылар жиналатын мәнді орынға айналды.

Бір қызығы, М.Жолдасбеков Президент орталығынан кеткенде, елорда интеллигенциясының жүні жығылып қалды. Мұны мірдің оғындай бір айтары бар Әлібек Асқаров дәл жеткізіпті: «Бұрын Мырзекеңнің орталығында бас қосушы едік, қазір «Тұранда» бас қосатын болдық...» («Тұран» – әдетте қайтқан кісілерге құдайы дәм беретін мейрамхана).

Қайраткер, ғалым, жоғары мектеп саласының танымал ұйымдастырушысы М.Жолдасбеков – бүгінде Еуразия ұлттық университеті Түркітану кафедрасының меңгерушісі, Ұлттық өнер университетінде «Қорқыттану» орталығының директоры. Бұрын «Асыл арналардан» басталып, «Тоқсанның толғауымен», «Жүз жыл жырлаған жүрекпен» жалғасқан сан ғасырды қамтыған зерттеулері болса, кейін ғылыми-танымдық қоржыны «Орхон атласы» (телавторы Қ.Сартқожаұлы), «Тастар сөйлейді», «Ел тағдыры – ер тағдыры», Тәуелсіздік тағылымы», «Кісілік кітабы», «Асылдарым», «Шіркін, дәурен!», «Күндерімнің куәсі» т.б. кітаптарымен толықты.

Кейінгі жылдары Мырзекең «Тәуелсіздік шежіресі» және «Түркі геосаяси феномені: тарихы және қазіргі жағдайы» атты ғылыми жобалары арқылы ғылыми-ұйымдастырушылық еңбегін жаңа қырынан танытып, отаншылдық пен елтану мәселесіне әлемдік құндылықтар тұрғысынан келудің жөн-жобасын көрсетті.

Мемлекетіміз үшін сын сағаттарда елдің қадірлісі, Елбасының сенімді серігі, аға ұрпақтың сүйеніші, жас ұрпақтың мақтанышы бола білген Мырзатай Жолдасбекұлы сексеннің сеңгіріне абыроймен көтерілді. Бұл абырой – азаматтың асыл арнасы, елдің асқар арманы.

Мырзекең туралы сөзімізді жүз жасаған Жамбылдың батасымен түйіндегелі отырмыз: «Қапалық болмай өмірің, Ылғи болсын мамыражай!».